

# СЕРТИФИКАТ

"UZDIK USTAZ"

Республикалық зылыми - әдістемелік журналы

**Усенова Гүлшат Құтыбайқызы**

«UZDIK USTAZ» Республикалық зылыми - әдістемелік журналында оқу әдістемелік материалын жариялағанын растайды

Директор: Дауқенова А.Д



Алматы 2023

Тіркеу №0002938





Маңғыстау облысы білім басқармасының  
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің  
"№17 ЖББ мектеп" КММ  
әлеуметтік педагог  
Усенова Гулишат Құтыбайқызы

Баланың жеке тұлға ретінде дамуы ата-аналардың, мектептің және мұғалімнің баланың бойына адамгершілік сезімдерін қалыптастыра білуіне байланысты. Адамдардың өзіне қандай сыйластықпен қарағанын қалайтын болсаң, балаға өзге адамдарға да сондай қарым-қатынаста болуды үйрету қажет. Әлеуметтік педагог – балаға көмек көрсету үшін отбасының, мектептің, жұртшылықтың күш-жігерін біріктіруге арналған мектептегі маңызды тұлға.

Осы мақсатта мектебімізде әлеуметтік-педагогикалық патронаж жұмысы жүйелі жолға қойылған. Мектебіміздің орналасқан жерінің алыстығына орай, тәрбие жұмыстары негізінен сабақтан тыс уақытта жүргізіледі. Балалардың бос уақытын ұйымдастырудың жақсы жолға қойылуы нәтижесінде мектепішілік, ИДН есебінде тұратын тәрбиесі қиындау балалардың саны азайып, бүгінгі таңда есепте тұратын оқушы жоқ. «Қиын баланың» пайда болуы көп жағдайда «қиын ата-аналар» тәрбиесінің салдары болып табылады. Сондықтан да мектеп әкімшілігі осындай ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыстар жүргізуде. Жыл бойы балалардың қызығушылығын анықтау үшін көптеген игі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ата – аналар өз баласы туралы өзін мазалап жүрген сұрақтарға мұғаліммен бірге жауап таба біледі, ата – аналардың мектепке, мұғалімге деген сенімі күшейеді, мектеп пен ата – ана ынтымақтастығынан тәрбиелі, білімді, жаңа заманға сай тұлға дамып келе жатқанын нәтижелерден көруге болады. Осы орайда, әлеуметтік педагог сынып жетекшілерімен бірге отбасымен танысудың әлеуметтік диагнозының кезеңдерін жасайды. Отбасы мүшелерімен байланыс орнату, отбасылық проблемалардың мәнін және олардың пайда болу себептерін анықтап, көмек шараларын ұйымдастырады. Отбасы өз бетінше шеше алмайтын мәселелерді шешуге көмектеседі.

Негізгі демеушілер біздің мектептің түлектері екенін атап өткен жөн. Панкратионнан әлем чемпионы, джиу-джитсу спортынан әлем чемпионы, кәсіби жекпе-жек клубының жетекшісі Василий Тахтай, спортшы Кривоухов Юрий, «Жас Отан» жастар қанаты елордалық филиалының белсендісі Кирилл Казаку сияқты мектеп түлектері әрдайым демеушілік жасауда. Көп балалы отбасылармен жұмыс, ең алдымен, балалардың девиантты мінез-құлқының алдын алуға бағытталған. Бұл жұмыстың негізгі құрамдас бөлігі жасөспірімдерді мәдени және бұқаралық іс-шараларға, үйірмелер мен спорт секцияларына тарту, экскурсиялар ұйымдастыру.

Осы мақсатта мектеп ұжымы әзірлеген практикалық ұсыныстар әлеуметтік педагогтің де, сынып жетекшілерінің де жұмыс тиімділігін арттыруда. Әлеуметтік педагог жұмысының тиімділігінің негізгі көрсеткіші білім алушылар контингентінің сақталуы және олардың әлеуметтік қорғалуы болып табылады. Сондай-ақ оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президенті сайланып, ұйым белсенділері тағайындалады. Өзін-өзі басқару ұйымы – оқушылардың уақытын тиімді пайдануға, мектепішілік тәртіпті бақылауға, оқушылардың оқу үлгерімдерін жақсартуға, жауапкершілікке және бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге зор ықпал етеді.

Мектебімізде білім сапасын арттыру, болашақ білімді азамат қалыптастыруда, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, құзырлығын арттыруда мектеп жұмысының, әдістемелік жұмыстың ұжымдық, топтық, жеке, белсенді түрлері мен әдістері кеңінен қолданылуда. Озат тәжірибе бойынша іс-тәжірибе тарату жұмыстары, шығармашылық есептер беру, әдістемелік апталықтар, оқушылардың ғылыми жұмыстары, әдістемелік сипаттағы семинарлар, конференциялар өз жалғастарын табуда. Әр бала дарынды, әр бала – бұл бүкіл әлем.

Бас редакторы: Даукенова Айдана Даукенқызы	<i>Усенова Г.Қ.</i> Мектептегі әлеуметтік педагог жұмысының өзектілігі ..... 2
Редакция алқасы: Джангабаева Анар Султанбайқызы	<i>Сүлейменова Б. Т.</i> «Құқық негіздері» пәндерінде білім алушыларды жалпыұлттық құндылықтар негізінде білім бере отырып, тәрбиелеу және балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қалыптастыру..... 3
Редакция мекен-жайы: Алматы қаласы Алмалы ауданы Абылай хан 105 Жазушылар одағы	<i>Сатенова Г.А.</i> Адам құқығы және құқықтық мемлекет..... 4
Редакция телефоны: e-mail: Uzdiik_ustaz @mail.ru	<i>Мамырәлиева У. Т.</i> "Математика сабағында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру" ..... 7
Куәлік Журнал Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникация министрлігі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті № KZ08VPY00031313- Ж куәлігі берілді. Айына 1 рет қазақ және орыс тілінде шығады.	<i>Иманбек Ә.А.</i> Математика пәні бойынша оқушыларды олимпиадаға дайындау... 9
Теруге 05.11.2023ж берілді Басуға 25.11.2023ж қол қойылды Таралымы 1000 дана	<i>Мақұлбаева А.Б.</i> Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың тиімділігі ..... 12
Журнал UZDIK USTAZ баспаханасында басылды	<i>Рүстенбек Г. М.</i> «Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда қолданылатын тиімді әдістер»..... 13
	<i>Байбосынова Г. А.</i> Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамыту..... 16
	<i>Умарова А. Н.</i> Бастауыш сыныптарда оқытудың әдіс-тәсілдерін сабақта тиімді қолдану ..... 17
	<i>Назарова Н.Д.</i> «Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізі ретінде логикалық ойлауды дамыту»..... 19
	<i>Аширова Р.К.</i> Сұрақ қоюдың маңыздылығы..... 21
	<i>Омарова Ж.Т.</i> Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттыру..... 24
	<i>Байбосынова Ф.</i> Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтау қабілеттерін қалыптастыруда эйдетика технологиясының қолданылуы..... 27
	<i>Аманбаева Г.Ж.</i> Вода на службе человека..... 30
	<i>Байксиева Б.О.</i> Оқушылардың тарих сабағына деген қызығушылығын оятудағы сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың тиімділігі..... 33
	<i>Байжанова Г.Т.</i> The technology of critical thinking in english lessons..... 35
	<i>Бактыбаева А. С.</i> Methods of teaching english at school..... 38
	<i>Отарбек А.Ж.</i> Бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу пәнінен оқытудың тиімді тәсілдерін қолдану үрдісі..... 41
	<i>Нүрпейісова Д.С.</i> Multi languageness is a basis of development multicultural individual..... 43
	<i>Абдираманова К. О.</i> Саусақ ойындары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту... 45
	<i>Тукишева А.Д.</i> «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарын инновациялық технологияларды енгізудің маңыздылығы»..... 49
	<i>Дилдабаева Б.Ж.</i> Ересек жас топ балаларының танымдық қызығушылығы дамуының ерекшеліктері..... 51